



БЕКІТЕМІН
«Костанай облысы
әкімдігінің мәдениет
басқармасы»ММ
басшысы

Е. Қалмақов

«» ақпан 2020 жыл

**Сатирик, жазушы, этнограф, ғалым Сейіт Кенжеахметов
атындағы «Мірдің оғы» республикалық
әзіл-сыйқақ театрлары фестивалінің
ЕРЕЖЕСІ**

Қазақтың талай қаймақтарының кіндік қаны тамған Торғайдың тұмасы Сейіт Кенжеахметов өмірінің соңына дейін мәдениет, руханият саласында аянбай еңбек етті. Ұлттық этнографияның мән-маңызы, жоғары таным-тағылымдарын талмай зерттеген жазушының соңында мәңгілік өшпейтін, өлмес мол мұра қалды. Сейіт Кенжеахметовтің сатира саласындағы сүбелі дүниелері 1967 жылы жарық көрген «Көрі шенгелден» бастау алып, «Куырдак», «Аттеріс», «Сөз семсер», «Тышқантірлік», «Ел құлағы елу», «Хан барон – на сезон» сонымен қатар, «Қазіргі қазақ сатира» атты жаңа серияның тұңғышы – «Мірдің оғындей» деп аталатын тандамалы сатиралық өлеңдер мен мысалдар жинағын атап өтуге болады.

Сейіт Кенжеахметовтің қазақ халқының рухани дүниесіне қосқан баға жетпес туындыларын дәріптеу мақсатында, Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының қолдауымен, облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығының ұйымдастыруымен, Қостанай қаласында 2020 жылдың 31 наурыз күні республикалық әзіл-сыйқақ театрларының фестивалі өткізіледі.

Фестивальдің мақсаты мен міндеттері

- Сейіт Кенжеахметовтің шығармашылық мұрасымен танысу;
- облыстағы әзіл-сыйқақ театрларының орындаушылық шеберлігін шындау, өніріміздің талантты өнерпаздарын анықтау;
- әзіл-сыйқақ театрларының бір-бірімен тәжірибе алмасуы арқылы өнерлерін жетілдіру, жандандыру.

Фестиваль шарты

- фестивальге облысымыздың және республикамыздың басқа өнірлерінен келген әзіл-сыйқақ театрлары катыса алады;
- фестивальге қатысатын ұжым 2 интермедия көрсетеді. Көрсетілетін сахналық қойылымдар Сейіт Кенжеахметовтің шығармасынан болуы негізгі шарт болып саналады;

- шығарманың ұзақтығы -10-15 минуттан аспауы тиіс;
- фестиваль барысында қажетті музикалық, жарық, дыбыс эффектілерін қолдана алады;
- үздік ұжымдар Гала-концертте өнер көрсетеді.

Өтініштерді тапсыру шарттары

Өтінім (қойылымның атауы, ұжым жөнінде мәлімет, фото, ұжымның тізімі, жетекшісінің аты-жөні) 1@ocsnt.kz электрондық почтасы бойынша **2020 жылдың 13 наурызына** дейін қабылданады. Байланыс телефоны: 8(7142) 56-04-12.

Фестиваль I.Омаров атындағы қазақ драма театрында өтеді.

Бағалау критерийлері

- сахналық мәдениеті;
- көркемдік деңгейі;
- әртістердің орындаушылық шеберлігі;
- эстетикалық және этикалық ұғымдылығы.

Қазылар алқасы

Қазылар алқасының құрамына мәдениет және өнер қайраткерлері, театр мамандары кіреді. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді және оның барлық мүшелері қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда Төрағаның даусы шешуші болып табылады. Қазылар алқасы Ұйымдастыру комитетімен белгілеген жүлделі орындарды бермеуге немесе үміткерлер арасында бөлуге құқылы.

Марапаттау

Марапаттау облыстық бюджеттің Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығы» КМҚҚ есебінен жүргізіледі. Шығармашылық ұжымдарды марапаттауда фестивальдің ұйымдастыру комитетінің келісімімен арнаулы жүлделерді тағайындау үшін демеушілер (*меценаттар*) ат салысусы мүмкін.

Тамақтану және жолақысы

- Қостанай облысынан қатысатын қатысушылардың шығындарын жіберуші тарап төлейді;
- басқа өнірден қатысатын ұжымдардың шығындарын (*тамақтану және тұрғын жай*) қабылдаушы тарап төлейді.